

Бекітетін
Бекіту

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым : "Бауырсақ" жекеменшік балабақшасы

Топ: мектепалды топ «Гүлдер»

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 01.12 - 05.12.2025ж.

Педагогтың аты-жөні : Бекназар Лаура Аймырзақызы

Босбаева Жамила Узбекбаевна

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	01.12.	02.12	03.12.	04.12	05.12.
Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ. (Білге Қаған)					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет) Сәлемдесу Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу!				

	«Күй күмбірі» қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармалышық іс-әрекет) Күйді қосып, балаларды қарсы алу.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	«Өнегелі 15 мин» "Біз бір аптада не істедік?" тақырыбында көрме ұйымдастыру.	«Өнегелі 15 мин» Кеңес беру. «5 жастағы балаға қандай ойыншықтар пайдалы?».	«Өнегелі 15 мин» «Балаңыз туралы не білу керек?» тақырыбында кеңес беру.	«Өнегелі 15 мин» Баланың балабақшадағы тәртібі мен белсенділігі туралы әңгімелесу.	«Өнегелі 15 мин» «Тәуелсіз Қазақстан» салтанатты іс-шарасына арналған тақпақтар беру. Салтанатты іс-шараны өткізу туралы ата-аналармен әңгімелесу.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие». Еңбек: "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау" (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттері. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету, шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен	«Өнегелі тәрбие». Еңбек: "Аквариум балықтарын қоректендіру" (еңбек, зерттеу іс-әрекеттері) Міндеттері. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге баулу; қамқорлыққа,	«Өнегелі тәрбие». Еңбек: "Бөлме өсімдіктерін суару". (еңбек, таным, зерттеу іс-әрекеттері) Міндеттері. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету, шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару; берілген тапсырмаға	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Міндеттері. Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяккиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты,	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Сөрелер үстін сүрту" (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттері. Шамасы келетін еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу; сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді тұру, шүберекті сулау және құрғатып сығу,

қарауды қалыптастыру. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, балаларға өсімдіктің шаңын кетіру әдісін таңдауды үйрету. «Республикам – мақтанышым!» «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. (танымдық, шығармалышық іс-әрекет) Міндеттер. Балалардың бойынша патриоттық сезімді тәрбиелеу; ән айту дағдыларын қалыптастыру.	саналылыққа тәрбиелеу. «Жапырақ тамырдан нәр алады» (тәрбиеленушілер мен ата-аналардың арасында) «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» "Жаяу көкпар" (дене тәрбиесі) балаларда ептілікті дамыту, жүгіруге жаттығу Бұл ойын спорт залында, жазды күні кең жазықта (аулада) ойналады. Жазық алаңның бір шетіне шағын дөңгелек шеңбер сызылады да, ішіне құм түйілген ак шүберек қойылады. Алаңның екінші шетінен де сондай сызық сызылып оны көмбе деп белгілейді. Ортадан сызық сызылады.	жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту; ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті арттыру. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қимылды ойын. "Ақшамшық (сақина салу)" (дене тәрбиесі) Міндеттер: балаларда жылдамдықты, ептілікті дамыту.	тәртіпті көруді, ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, есте сақтауға баулу. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға баулу. Кітапқа деген қызығушылығын дамыту. "Қыс" Қадыр Мырза Әли Әдемі әнші құстар кеп қонатын, Ауылдың айналасы бақ болатын. Қыс өзі бүрсендеген бала талға Кигізді үстіндегі ақ халатын. Алқаптан бір де кара дақ	кірлегенде сумен шаю, таза күйінде кептіруге ілу; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. «Жыл мезгілдері» дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Міндеттер. Жыл мезгілдері жайлы білімдерін бекіту. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Ойнаушылар саны: 4-5 бала. Құрал-жабдықтар: жыл мезгілдері көрсетілген суреттер. Барысы. Педагог балаларға жылдың төрт мезгілі жайлы суреттер үлестіреді. Олар сурет
--	--	---	---	--

			Бұл – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны сақина салу, сақина тастау деп те айтады. Ойынға он-он бес адам қатысып, ортағабір баланы немесе бір қызды шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз- жігіттер үйде дөңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушінің алақанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі.	көрінбей, Ақша қар төңіректі жапты ерінбей. Әлі де із түспеген әппақ дала Басталмаған оқушы дәптеріндей.	бойынша жыл мезгілдерін рет-ретімен қойып шығады. «Жыл мезгілдері». Лото ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Міндеттері. Жыл мезгілдеріне тән табиғат құбылыстарына тән, сипаттамалық белгілерін ажыратып, атай отырып, ойын шарттарын сақтауға дағдыландыру; есте сақтау, ойлау қабілеттерін, достық қарым-қатынастарды жетілдіру.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулары (затсыз жаттығулар) (дене тәрбиесі, музыка) 1. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1 - оңға бір адым жасау, қолдарын жанына жіберу. 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол белде.				

	1 - оңға еңкею, сол қолын басына қою. 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа 5 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде. 1-2 отыру, қолдарын алға созу; 3-4 бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: жерде отыру, қолдарын артқа түзу тірейді. 1 - аяқтарын түзу ұстау, жоғары көтеру "бұрыш" жасау (иықтарын түзу ұстау). 2 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: тізеге отыру, қолды белге қою. 1- денені оңға бұру, оң қолды сол жақ аяқтың өкшесіне тигізу. 2- бастапқы қалып (3-4 жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады).				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол	Салт-дәстүр. Қонақасы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Танысын, танымасын үйге келген кісіге әр қазақ отбасы кәделі тағамдардан қонақасы береді. Бұл қазақ қонақжайлылығын танытатын үлкен дәстүр. Салт бойынша әр кісінің түскен үйінде лайықты қонақасы жейтін хақы бар.	Бата беру (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Рахмет дәміңе, Ризалық берсін бәріңе. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсін жасыңыз.	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін	Бата беру (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Рахмет дәміңе, Ризалық берсін бәріңе. Аман болсын басыңыз, Жүзге жетсін жасыңыз.

	орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.			мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.	
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Қыс мезгілі" тақырыбына әшекейлеу. Балалар кітапханасы жайында суреттерді қарастыру; туған өлкедегі қыс туралы фотосуреттерді қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді оқу: "Екі аяз", "Жыл мезгілдері" ертегілер; Қ. Көпішев «Ақ боран», А. Құнанбаев "Қыс", Ә. Дүйсенбиевтің «Қыс». "Күй күмбірі": "Бұғының күйі" - Мырза (орындаған Мұрат Абылғазы) «Өнегелі»: Көмек және игі істер. Тақырыбы: «Көмектесу не үшін маңызды?» Мақсаты: балаларда басқаларға көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.				
	"Қыс" мезгілінің ерекшеліктері. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Міндеттері. "Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу. Сөйлегенде көп	"Бұл қай кезде болады?" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Міндеттері. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Жыл мезгілдері туралы	Мнемокесте бойынша отбасы туралы өлеңдер жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Міндеттері. Балаларды қол жетімді көркем	Шаттық шеңбері (қарым-қатынас іс-әрекеті) Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен "Қайырлы таң!"- деймін мен. Күндіз де елді елеймін:	Мақал-мәтелді жаттау жаттығуы. Қыс мезгілі (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекет) Міндеттері. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.

	мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.	түсініктерді қалыптастыру. Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау. Нұсқаулық: бала күннің әртүрлі уақыттарына қатысты сюжеттер бейнеленген суреттер жиынтығын алады. Балалар кезекпен уақытты бөлігін атайды және олардың суретін сипаттайды (мысалы, "бұл таңертең, өйткені біз жаттығу жасаймыз").	шығармаларға, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді жатқа айтуға, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу. Зейін, еске сақтау қабілетін дамыту.	Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін «Кеш жарық!» - деп кіремін. Шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасайды.	Балалардың мақал-мәтелдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған өлеңдерді (мақал-мәтелдерді) жаттауда, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға баулу. Жазда жайлауды же, Қыста қойнауды же. Биік таудың басы қыс, Баурайы жаз. Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр- Жерге жауған нұр. Қыстың көзі қырау.
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Сауат ашу негіздері "[ы] дыбысын таныстыру". Міндеттері: [ы] дыбысын	Сауат ашу негіздері "[ы] дыбысын қайталау". Мақсат-міндеттері: [ы] дыбысы туралы	Математика негіздері "Қазақстан жерінің есепсіз байлығы (Бекіту)"	Математика негіздері "Туған жеріміз - Қазақстан!" Міндеттері. Балаларды	Сауат ашу негіздері "[м] дыбысын таныстыру". Міндеттері: [м] дыбысы

таныстыру, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Қазақ тілі Қысқы табиғат құбылыстары. Балалар қысты қарсы алады. Міндеттері. Балалардың ұғымындағы қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту; аяз туралы түсінік беру; жұмбақтар, өлеңдер, әңгімелер туралы түсініктерін бекіту; табиғат пен адамның өзара байланысы; қысқы құбылыстардың ерекшеліктері туралы түсініктерін дамыту; қазақ тіліндегі жұмбақтар, өлеңдер мен әңгімелерді ажыратуды және сөйлем құрастыра білуге дағдыландыру; сөздерді нақты дыбыстармен айтуды	пысықтау. [ы] дауысты дыбыс екенін аңғарту, сөзді оқу, жазу, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Математика негіздері "Қазақстан жерінің есепсіз байлығы" міндеттері. Балалардың он көлеміндегі сандарды тура және кері санау дағдыларын үйрету; Қазақстан жерінің есепсіз байлығын білдіретін таңбалауыштарды он санының көлемінде сәйкестендіруді үйрету; сапқа бестен не жетіден тізіліп тұрып, бойының биіктігінің өсу және кему реті бойынша өздігінен сапқа тұру, реттік санын айта алуды жаттықтыру; геометриялық пішіндерді атау, оларды ортақ пішіннің	Міндеттері. Санағыш сызықта он көлемінде бағдарлау дағдыларын бекіту. Қазақстанның байлығы туралы түсініктерді бекіту; реттік есепті бағдарлауға жаттықтыру, геометриялық фигураларды айналадағы заттармен сәйкестендіруді және олардан ажыратуды үйрету; сандар құрамын бағдарлауды пысықтау. Қазақ тілі Міндеттері. С-З дыбыстары. Міндеттері. Балаларды [-с], [-з] дыбыстарын таныстыру; [-с], [-з] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға	1-ден 8-ге дейін тура және кері жылдам санауға жаттықтыру; заттар жиыны мен цифрларды сәйкестендіруді меңгерту. Тіл дамыту "Қысқы ертегі" (пысықтау). Міндеттері. Қыс туралы білімдерін кеңейту, қыс ерекшеліктері туралы мәлімет беру, ертегі оқу арқылы сұрақ-жауап ұйымдастыру, ауа райының өзгеруін түсіндіруді пысықтау. Музыка "Келді, міне, Жаңа жыл!" Міндеттер: балалардың әнге қызығушылығын мен ықыласын ояту; әнді көтеріңкі көңіл-күйде эмоционалды қабылдай білуге үйрету. Қоршаған әлеммен	туралы түсінік беру. Сөздегі дыбыстарды екпін түсіріп айту арқылы тауып, түрлерін ажырата білу дағдыларын арттыру. Сурет салу "Ұшатын кілем". Міндеттері. Балаларды тіктөртбұрыш пішінін түрлі қарапайым оюлардың элементтерімен безендіруді үйрету. Дене тәрбиесі Бір, екі ... секіреміз! Мақсат-міндеттері. Балаларда сап түзеуден бір қатармен қайта тұру дағдыларын дамыту; балаларды түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) секіру; асықты дәлдеп лақтыруды үйрету. Көркем әдебиет "Ы. Алтынсариннің «Мақта қыз бен мысық» атты ертегісі (сахналау,
---	--	---	---	--

үйрету арқылы артикуляцияны дамыту; қыста және жылдың басқа уақыттарында табиғат құбылыстарын салыстыруды үйрету, кездейсоқ қорытынды жасау; есту зейінін, қиялын, шығармашылыққа қызығушылықты дамыту; табиғат пен қоршаған ортаға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Дене тәрбиесі "Қаппен қалай секіреді?" Мақсат-міндеттер. Балаларға жүру мен жүгіруді қайталап кезектестіру; арқаннан аттап секіру; допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5-2 м) басынан асыра лақтыруды үйрету; қадамды алмастыра жүру дағдыларын дамыту. Қоршаған әлеммен	құрамында көру, санау, сан құрамын көрсету дағдыларын пысықтау. Музыка "Көк тудың желбірегені" Мақсат-міндеттері. Балаларда ән арқылы туған жерге мақтаныш сезімін қалыптастыру; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру. Тіл дамыту "Қысқы ертегі". Мақсат-міндеттері. Қыс туралы білімдерін кеңейту, қыс ерекшеліктері туралы мәлімет беру, ертегі оқу арқылы сұрақ-жауап ұйымдастыру, ауа райының өзгеруін түсіндіру.	дағдыландыру; [-с], [-з] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету; [-с], [-з] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру. Дене тәрбиесі "Хоп-фитболдармен секіру" Мақсат-міндеттер. Балаларға хоп-фитболдармен (секіргіш гимнастикалық доптар) секіруді үйрету; допты екі қолмен жоғары лақтыру және алақанмен шапалақтап, допты қағып алуға жаттықтыру; сапта бірінің артынан бірі	таныстыру "Қысқы құбылыстардың сыры". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс және басқа жыл мезгілдеріне тән құбылыстарды пысықтау; қысқы құбылыстар жөнінде ұғымдарын тиянақтау, түсініктерін кеңейту; кез келген ауа райын болжай білу қабілеттерін жобаны құрастыруда пысықтау; көркемсөздің мағынасы мен әдемілігін, даладан бақылаған құбылыстардың әсемдігін байқауға баулу; зеректікке, зияткерлікке, достыққа тәрбиелеу.	мәнерлеп оқу)." БІ. Алтынсарин және оның шығармашылығы туралы білімдерін кеңейту. Шығарманы оқу арқылы оны түсінуді үйрету. Оқылған шығарманы әңгімелеуге, диалог сөздерді мәнеріне келтіріп айтуды үйрету. Еске сақтау қабілеттерін қалыптастыру, адамгершілікке тәрбиелеу.
---	---	--	--	---

	таныстыру "Қыстың сыры". Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғаттағы, ауа райындағы, өсімдіктер әлеміндегі, адамдардың киіміндегі қарапайым маусымдық өзгерістерді байқауға шақыру; табиғат күнтізбесіндегі табиғат пен ауа райының жай- күйін бақылау нәтижелерін белгілеуді үйрету.		арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіруге дағдыландыру; қатарынан тізіліп сапқа тұрып бірінші-екінші болып санау жүргізу және нөмірлер бойынша топқа бірігу дағдыларын қалыптастыру. Көркем әдебиет Қ. Толыбаев «Кімнің тоны жылы?» (мазмұны бойынша әңгімелеу) Мақсат-міндеттер: Қыс мезгілі туралы білімдерін жетілдіру. Жазушы Қ. Толыбаевтың өмірі және шығармашылығымен таныстыру. Оқылған шығарманың мазмұнын әңгімелеуді, диалог сөздерін мәнеріне келтіре айтуды үйрету. Еске сақтау, ойлау қабілетін дамыту. Табиғатты аялауға, жануарларға қамқор	
--	---	--	--	--

			болуға тәрбиелеу.		
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	«Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.				
Серуен	Қардың түсуін бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Міндеттері. Өлі табиғат құбылыстарының бірі, қар туралы білімдерін кеңейту. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау, әсемдікті көруді үйрету. Зерттеу. Ақ қағазға ұшып	Қарлы бұрқасынды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Бақылау: бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру. Далада қатты жел мен бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып, әр жерде қарлы бұрқасын соғады. Бұрқасын - қарды ұйтқыта, сырғыта соғатын борасын. Ырым. Қыста бұрқасын көп болса, жазда жауын-	«Экологиялық тәрбие», Теректі бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Міндеттері. Балалардың тірі табиғат түрі, терек ағашы, туралы білімдерін тиянақтау; терек ағашына тән белгілерді атауға ынталандыру; қысқы маусымда ағаштардың тіршілігі себептерін талқылау; өсімдіктерді (ағаш және бұтақтар) жіктей білуді бекіту. Қауіпсіздік. Экология. Бақылау барысында	«Қауіпсіздік». Күнді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) міндеттері. Күннің мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы түсініктерін кеңейту. "Өлі табиғат" ұғымын бекіту, оған күннің жататынын анықтау; күн мен маусымдық табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды	«Өнелегі тәрбие». Аула тазалаушының еңбегін бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Міндеттері. Аула тазалаушы еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға тәрбиелеу. Қауісіздік. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Бақтыбай Жанерке

келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштардың тамырларын қармен жабу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) індеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жалаушаға дейін кім бірініші жүгіреді?" ойыны (дене тәрбиесі). Міндеттері. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық	шашын болады. Көркемсөз. Сырбай Мәуленов "Бұрқасын". Жаяу боран бұрқасын Иір жіпті кідірмей. Үйір қардың ұлпасын Аккудың ақ жүніндей. Тоқымашы ежелден Құйын, боран екеуің. Оқалап бір безендер Шыршалардың етегін. Аяз ұста арқалы Соқ дамылсыз бүгін де, Қайың тағар алқаны Жаңа жылдың түбінде! "Лақтыру - ұстау" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу қабілеттерін жетілдіру; доптармен ойындарда балалардың белсенділігін,	қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру, өсімдіктерге күтім жасауға баулу. Көк терек-ау, көк терек, Суықта жаның – шүберек. Қалайша өңің кеткен? Жапырақтарың түскен. Жалаңаш тұрсың, бозарып, Ұшқан желге ұзарып. Ызғарлыға тоңбайсың ба? Жалғыздықтан тозбайсың ба? Көк терек: "Халім тамаша. Тамырым бүтін, бұйырса. Бекер емес, білем, сабырым,	бақылауға, түсінуге үйрету. Күннің көзіне тура қарамау туралы қауіпсіздік ережесін бекіту, фотопленканы, күн көзілдірігін пайдалануды ұсыну. Қыстың басында күннің көзі сирек көрінетінін айту (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды). Қыстың ортасында күннің көзі ашылады, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Күннің жоғары тұрғанына көңіл аудару керек. Жұмекен Нәжімеденов "Көкжиектен көтерді күн кірпігін...". Көкжиектен көтерді күн кірпігін. Ерке сұлу күле оянды құрбысы-ау. Шәлі-бұлттың мойнына	"Аула тазалықшысы". Балабақша ауласында, Көмектесем мен де оған, Таң атқаннан кешке дейін, Жинап қоқыс, қағаздарды. Тынбай еңбек ететін Құрметтеймін, қадірлеймін, Бар тазалық сақшысы. Еңбексүйгіш адал жанды. Ауланы да тазалайды, Ағашты да бұтайды. Су себеді гүлдерге де, Шаршамайды, тынбайды. – Балалар, аула тазалаушы қандай жұмыстар атқарады? – Аула тазалаушының жұмыс құралдары бар ма? Оларды атап көрейік. – Қандай құралды қай уақытта қолдану керектігі неге
---	---	---	--	--

ойындарға қатысуға баулу; жүгіру, секіру түрлерін жетілдіру. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының "Итеріспек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері. Ұлттық ойындарды ойнату; күштілікке, ептілікке, ойын кезінде бірін-бірі түсінуді үйрету. Қауіпсіздік: ойын шартын қауіпсіз орындауға үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту. Міндеттері. Қарлақтыруды үйрету.	дербестігін дамыту. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: қарлы жолдарды сыпыру. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларға бала-бақша ауласындағы жолдарды сыпыруды және тазалауды үйрету. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.	Көктемде толады тамырым". (Д. Ахметова) "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Шенбер бойымен, түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен жүгіре білуді жетілдіру. Балаларды ойын шартына сай әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	іліп жыртығын Күн сәулесін қабыл алып тұрды тау. Көтеріп тұр күмісімді-көгімді, Сәуле бұлтқа біздің туды байлады. Сәуле, сәуле, сәуле көктен төгілді, Сәуле мына жер-әлемді жайлады. "Қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойында физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық) дамыту; жүгіру дағдыларын жетілдіру; ойын ережелерін саналы түрде	байланысты. – Біз ол кісіге қандай көмек көрсете аламыз? – Еңбек құрамдармен жұмыс жасауда қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек? "Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, қимылдарды үйлестіріп, жылдам шеңбер бойымен жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Ұйымдастырушылар». (дене тәрбиесі) Міндеттері. Бір-бірімен қол ұстасып, шеңбер бойымен қозғалуды
--	--	--	---	--

		Өз бетімен ойындар: ойын тақырыбын бір-бірімен ақылдасып тандап алуды, ойыншықтарды бөлісуді үйрету, тату-тәтті ойнауға тәрбиелеу.	Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы», «Қауіпсіздік». Қазақ халқының "Итеріспек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ұлттық ойындарды ойнату; күштілікке, ептілікке, ойын кезінде бірін-бірі түсінуді үйрету. Қауіпсіздік: ойын шартын қауіпсіз орындауға үйрету. Қимылды ойын. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: күректі қолдануды үйрету, ауланы қардан тазарту. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек	сақтауға баулу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: қарлы жолдарды сыпыру. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Міндеттер. Балаларға бала-бақша ауласындағы жолдарды сыпыруды және тазалауды үйрету. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. Өз бетімен ойындар: бір-бірімен тіл табысуға, тату ойнауға тәрбиелеу.	үйрету; спорттық ойын түрлерін көрсетудегі қозғалыс түрін білу және оны атау. Ойынға қатысуға ынталандыру, достыққа тәрбиелеу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: ағаштардың жиектерін қармен жабу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті) Міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Өсімдіктерге құрметпен қарауды және қызығушылыққа тәрбиелеу, еңбектің мәнін түсіндіру (тұқымның үсіп кетпеуін). Еңбек ету дағдыларын дамыту.
--	--	---	--	--	--

			әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.. Өз бетімен ойындар: дербестілігі мен бастамашылдығын көтермелеу.		Өз бетімен ойындар: табиғат жағдайын есепке алу, іс әрекет және ойын үшін жағдай жасау, тәртіп сақтауға тәрбиелеу.
Серуеннен оралу	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес әрекет) Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру қабілеттерін жетілдіру. Женді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу. «Үнемді тұтыну». Жуынғанда суды үнемдеп қолдануға тәрбиелеу.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес әрекет) Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Көркем сөз Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуамын мұқият. Білек, бетті, мойынды,				

	Жуамын да, сүртемін. Тап-таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Тусипжанова-Шагирова А.				
Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Ақша иісі» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Ат пен есек» ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Түлкі мен қоян» ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалар тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдатады. (музыка)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	(дене тәрбиесі, мәдени-гигиеналық дағдылар) Жеңіл жаттығулар жасау, баяу көтерілу. Ауа процедураларын орындау (контрастылы). Аяққа массаж (уқалау) жасау. Мақсат-міндеттері. Төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатынын үйрету. Резеңкеден жасалған төсеніштермен және ағаш жолмен жүріп, аяққа массаж (уқалау) жасауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау. (дене тәрбиесі) «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары. "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, өзіне-өзі қызмет етуде дербестік пен жауапкершілікке баулу; өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су сияқты факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Сауықтыру-шынықтыру шараларын өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. "Сауықтыру жолағымен жүру".				

Бесін ас	(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес әрекет) Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Дамытушы ойын. "Суретшінің қатесін тап". (танымдық іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Міндеттері. Балалардың заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына деген қызығушылықтарды арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар	Сурет салудан ойын-жаттығулар "Аулаға қар жауды". (шығармашылық іс-әрекеті) Міндеттері. Балаларға аулаға қардың жауғаны туралы сюжетті бор мен қылқаламды қолданып, суретін салуды үйрету; суреттің бейнелерін, ағаш пен үйдің, сұлбасын салып, қардың суреттегі әртүрлі жерлеріне қылқаламның ұшымен немесе жақпалау техникасын пысықтау. Дидактикалық ойын. "Қарама-қарсы сөздер" (мезгілдер және құбылыстар). (қарым-қатынас іс-	Жас зерттеуші "Қысқы тіршілік" Міндеттер: балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту, қыс мезгіліне тән белгілерді білу және таба алуға үйрету. Дидактикалық ойын. «Сыңарын тап». (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту. Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойын ережесі:	"Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Міндеттері. Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Қыс мезгілі жайында ұғымдарды тиянақтау, синоним, антонимдерді қолдану. Ойын барысы. Педагог: - Балалар, сендермен ойын ойнаймыз. Мына жерде жыл мезгілдерінің белгілерін білдіретін суреттер тұр. Олардың арасынан қыс мезгілінің	«Заттарды салыстыру» ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі) Міндеттері. Балаларға заттар мен пішіндерді салыстыруды үйрету. Ұғымдардың мағынасын түсіндіру, бір-бірінен ажыратуды үйрету. Ой-өрісін, тілін, танымдық әрекетін дамыту, баланы өзін қоршаған ортаға сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: суреттер, ойыншықтар. Ойынның барысы. Балалар әртүрлі заттарды салыстырады, суретін салады, айырмашылығын

объектілер мен құбылыстар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағындай кішкентай емес, ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары қарай емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаштағы ұяда емес, аулада, ағаш үйшікте тұрады", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады", т.б..	әрекеті) Мақсат-міндеттері. Сөйлегенде антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Заттар мен құбылыстардың қасиеттері туралы балалардың білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшандығын дамыту, еске сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Еркін ойын. "Соқыр теке". (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жылдамдықты, ептілікті, зейінді, есте сақтауды дамыту. Ойын барысы.	геометриялық пішіндерді ортасынан бөлу. Балалар сол геометриялық пішінді тауып құрау қажет. Ойын бірнеше рет қайталанады. Балалар геометриялық пішіндердің түр-түстерін айтып беруге тиіс. Еркін ойын. "Айдап сал". (қарым-қатынас іс-әрекеті, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін, коммуникативтік қабілеттерін жетілдіру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойнаушылар екі топқа тең бөлінеді де, бірінші топ үйдің сыртына шығып, екінші топ үйде қалады. Ойынды басқарушы сыртта тұрғандардың есімдерін	белгісін ажыратып алуымыз керек. Ендеше, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық. Балалар суреттерді жылдам қойып шығады. Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдардың нығайту; отбасының әр мүшесінің рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенге құрмет, жақынына сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Құралдар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш,	белгілері бойынша айтады. Жуан - жіңішке. Кең - тар. Биік - аласа. Үлкен -кішкентай. Ұзын -қысқа. Мағынасы қарама-қарсы ұғымдарды үйрету. «Қаржылық сауаттылық». Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет. зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардан туған күн ұғымын қалай түсінетіндерін рөлдік ойын барысында анықтау; отбасыда туған күнді атап өту дәстүрі жайында білімдерін кеңейту; жақынға сүйіспеншілікке,
--	---	--	---	--

	«Қаржылық сауаттылық». Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтар" дүкені". (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Ортамыздан біреуімізді сайлаймыз, Орамалмен көзін байлаймыз. Қалғанымыз оны түртіп қашамыз, Тым қырағы, сақ боламыз аса біз. Ұмтылады ол оң мен солына, Тырысамыз түспеуге оның қолына. Кім ұсталса, соның көзі байланар, Ол ұстайтын бейғам бала қайда бар? Ойынға қатысушы балалар бытырап қашады. Көзі байланған бала оларды ұстап алуға тырысады. Қашып жүрген балалардың арасында шапалақтап, дыбыстарын білдіріп қояды. Ойында ұсталған бала ойынды одан әрі жүргізеді.	үйде отырғандарға қойып, өзі белгілеп алады. Содан кейін сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды. Ойынның шарты бойынша сырттан кірген ойыншы отырғандардың ішінен өз есімі берілген ойыншыны табуы керек. Ал өз есімі берілген ойыншыны тапқандар соның қасына барып отырады, айып тартпайды. Айып тартушылар көпшіліктің ұйғаруымен өлең айтады, би билейді немесе тағы басқа өнерін көрсетеді. Келесі жолы екі топ орындарын ауыстырады.	ойыншық саймандар, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен сүлгі, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойындары. Омпы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ұлттық ойындарға тарту. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау; шапшаңдыққа, мергендікке, достыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік. Ойын барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.	достыққа тәрбиелеу. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру. Балаларға "шығын", "баға" ұғымы жайында, табыстың (туған күннің ойдағыдай өтуі) негізінде уақыт, білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру; ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулу. әдемі қапталған сыйлықтар; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофон; сайқымазақ немесе басқа кейіпкерлердің костюмдері.
--	--	--	---	--	--

Балалармен жеке жұмыс	Қызықты логикалық есептерді шығару. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Міндеттері. Балаларды логикалық жаттығуларды орындауға машықтандыру. «Жасырынған дыбысты тап» ойын-жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттері. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Балалар тандаған дыбысты, суреттерге қарап, объектілердің атауларын атап, осы дыбыстың сөздегі орнын табу керек. Құрал-жабдықтар. Дыбыстық сурет-	"Қоянға көмектес" дидактикалық ойыны. (танымдық іс-әрекеті) Міндеттері. Заттарды санауды және олардың екі тобын салыстыруды, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға дағдыландыру. Көркемсөзді жаттау жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Міндеттер. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, санамақтарды жатқа айтуға, оларды есте сақтауға баулу. Шешендікке, санамақ айту өнеріне баулу. "Жеті ұл" Сәл демалып, тынып ал. Тақпақ тыңдап, ұғып ал. Апта деген ағайдың Жеті бірдей ұлы бар: Біріншісі - Дүйсенбі,	Жыл мезгілі туралы әңгіме. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Міндеттері. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыруға, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Қарапайым сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беру қабілеттерін жетілдіру. Жыл мезгілдері туралы жұмбақтар (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті	Сөздерге дыбыстық талдау жасау жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Міндеттері. Балалардың фонематикалық есту, ойлау, зейін, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: түрлі объектілердің көрнекі суреттері, дыбыстық талдауға арналған таңбалауыштар (фишкалар).	Ертегілерді ойдан шығару жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Міндеттері. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: өз бетінше әңгімелер құрастыруға баулу. Балаларға ұнаған суреттердің негізінде жаңа ертегі немесе оқиғаны ойдан шығарып, әңгімелеуге машықтандыру; шығармашылық ойлауды дамыту.
-------------------------------------	--	---	--	---	--

	карточкалар.	Екіншісі - Сейсенбі, Үшіншісі - Сәрсенбі, Төртіншісі - Бейсенбі, Жұма деген - Бесінші ұл, Алтыншы ұл - Сенбі, Жетіншісі - Жексенбі.	шығармаларымен таныстыру, жұмбақ шешу. Балалардың құстар жайындағы білімдерін тиянақтау; ой шапшаңдығын, елестету, сөйлеу қабілеттерін дамыту; зеректікке, білгірлікке тәрбиелеу. Дина Ахметова «Жыл мезгілдері» Күн ысып, Құстар ұшып, Балалар суға түседі, Бақшада құлпынай піседі. (Жаз) Күн суытып жаңбыр жауады, Жапырақтар сарғайып ұшып жатады. Адамдар астық жинайды. Қаздар көлде қиқулайды. (Күз) Аязы қатты,		
--	--------------	---	---	--	--

			Боран жабады көкті, Айнала аппақ дала, Аппақ көше мен қала. (Қыс)		
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру) Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.				
Серуен	Қыстайтын құстарды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Міндеттері. Құстардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білуге, қамқорлыққа тәрбиелеу. Суықтардың келуіне, қоректің жетіспеулігіне байланысты, қыстайтын	Бұлттарды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Міндеттері. Балаларға аспандағы бұлттарды байқауды және күн райының құбылуын бақылауға дағдыландыру; өлі табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Түзету тапсырмасы:	Шетенді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Міндеттері. Шетен туралы білімдерін кеңейту; қыста шетенді бақылауды жалғастыру. Өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін түсінуге көмектесу, жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар; адамның табиғатқа	«Қауіпсіздік». Күн батқан мезгілді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Міндеттері. "Өлі табиғат" ұғымын бекіту, оған күннің жататынын анықтау; күн мен маусымдық табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға, түсінуге	Аспанды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Жұмбақ. Дүниеде бір қарбыз бар солмай тұғын, Жаз шіріп, қыста үсіп тоңбай тұғын. Жаһанның жерін, суын, жәндіктерін, Іші кең, бәрін салса толмай тұғын. (Аспан.) Бақылау: балалардың ұғымындағы көк аспан

